1. Қай дыбыс еріннің дөңгеленіп алға қарай созылуы арқылы жасалады?
A) ы
B) і
C) ә
D) е
E) ө

2. Үнді мен ұяң дауыссыздар қатар келген сөзді табыңыз.
A) қайтыс болу
B) имандылық
C) балшық
D) асхана
E) жазғы

3. Буын үндестігі сақталған сөзді табыңыз.
A) өнерпаз
B) шекарамен
C) асхана
D) цехтан
E) паркте

4. Төмендегі сөйлемде неше буын бар?
Иесі бар елдің киесі бар.
A) 13
B) 14
C) 12
D) 11
E) 10

5. «Мұражай, мұрағат» терминдері қандай сөздер?
A) физикалық
B) халықаралық
C) лингвистикалық
D) неологизмдер
E) диалектизмдер

6. Омоним бола алмайтын сөзді табыңыз.
A) жарық
B) жай
C) жүз
D) төсе
E) көсе

7. Көптік жалғауы қате жалғанған сөзді табыңыз.
A) нандар
B) мектептер
C) қыздар
D) үйлер
E) оқушылар

8. Зат есім негізінен қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады?
A) баяндауыш
B) пысықтауыш
C) толықтауыш
D) бастауыш
E) анықтауыш

9. Салыстырмалы шырайды табыңыз.
A) тым аласа
B) жап-жасыл
C) көкпеңбек
D) сары
E) ұзынырақ

10. Сөйлемдегі сан есім қалай түрленген?
Мұса жүзге дейін санай алады.
A) жіктелген
B) септелген
C) тәуелденген
D) көптелген
E) заттанған

11. Анықтауыш қай есімдіктің түрінен жасалған?
Бар ойы – саған мені айдап салмақ.
A) жалпылау есімдігі
B) болымсыздық есімдігі
C) өздік есімдік
D) сұрау есімдігі
E) белгісіздік есімдігі

12. Етістіктің қай шағы «жалаң-күрделі» болып бөлінеді?
A) ауыспалы өткен шақ
B) ауыспалы келер шақ
C) жедел өткен шақ
D) ауыспалы осы шақ
E) нақ осы шақ

13. Бұйрық райдағы етістікті табыңыз.
A) Сәуле, келіп тұр.
B) Ол келіссе игі еді.
C) Марат қарап отыр.
D) Соны тыңдап отыр ма?
E) Ол жазып жүр.

14. Себеп үстеуді табыңыз.
A) Бұл сөзді боска айтпадым.
B) Маған көмектесу үшін алыстан келіпті.
C) Әзіл айтсаң да, әділ айт.
D) Шәкен 20 жыл бойы драма театрында.
E) Осы ойын айтқалы келген екен.

15. Пысықтауыш қызметін атқарып тұрған еліктеуіш сөзді табыңыз.
A) Ол артына жалт қарады.
B) Ол күтпеген дыбысқа селк етті.
C) Су сылдыр-сылдыр етеді.
D) Әкесінің айтқанына селт еткен жан жоқ.
E) Алыстан салдыр-гүлдір еткен дыбыс келді.

16. Сөйлемдегі демеулік шылаудың түрін табыңыз.
Үлкен бөлмеден ғана жарық көрінеді.
A) болжалдық
B) нақтылау
C) шектік
D) сұраулық
E) күшейткіш

17. Қайсысы сөз тіркесі бола алмайды?
A) осы ауыл
B) ерте келді
C) қызыл көйлек
D) тас бауыр
E) нашар естиді

18. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түріне жатпайтыны қайсысы?
A) Хабарлы сөйлем
B) Сұраулы сөйлем
C) Лепті сөйлем
D) Бұйрықты сөйлем
E) Жайылма сөйлем

19. Одағай сөз қатысқан лепті сөйлемді табыңыз.
A) Па, шіркіннің сөзін-ай
B) Көрсетпе көз жасыңды.
C) Жүр, жарысайық.
D) Балам, жөніңді айтшы.
E) Амал нешік, пешенеме жазғаны осы болды.

20. Қайсысы пысықтауыштың түрі емес?
A) мекен
B) мөлшер
C) себеп
D) мақсат
E) сын-қимыл

21. Жалпылауыш мүшені табыңыз.
A) Жылқы – қазақтың қымбат қазынасы.
B) Үйге Әсия, Сәуле және Айман келді.
C) Қорғасын мен қалайы – ауыр метал.
D) Сырым, Исатай – екеуі ел үшін күресті.
E) Олар – аты аңызға айналған батырлар.

22. Талғаулы салаласты табыңыз.
A) Сонда я жүрегім жеңер, я білегім жеңер.
B) Сұлу көктем келмей, көңіліміз жадырамас.
C) Ол жұмысқа шыққан, сондықтан қалтасынан дәрі-дәрмек арылмайтын.
D) Мағаш пен Кәкітай осы тұста бөгеліп қалды, дегенмен Әбіш ілгері басты.
E) Шұбардың жаңағы сөзі есіне түседі де, Әбіштің намысы мен ызасы үдей түседі.

23. Төл сөзге байланысты тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.
A) «Ал, балам – деп ойланғандай болып – енді қайтеміз?» – деді.
B) «Ал, балам, – деп ойланғандай болып: енді қайтеміз?» – деді.
C) «Ал, балам, – деп ойланғандай болып, – енді қайтеміз», – деді.
D) «Ал, балам, – деп ойланғандай болып, – енді қайтеміз?» – деді.
E) «Ал, балам, – деп ойланғандай болып енді қайтеміз?» – деді.

24. Қайсысы ойдың аражігін ажыратпайды?
A) ,
B) –
C) ;
D) :
E) !

25. Етістіктен жасалған зат есімді табыңыз.
A) үшіншілік
B) кәсіпкер
C) күрек
D) ашық
E) мендік